



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӘОЖ 37.034

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ – САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

*Рахимова Эльмира Ерсалимовна*  
*педагогика ғылымдарының магистрі*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*  
*Қостанай білім басқарамсының «Қостанай қаласының*  
*білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ*  
*E – mail: rakhimova.elmira@mail.ru*  
*Қостанай қаласы, Қазақстан*

### **Аңдатпа**

Мақаланың өзектілігі Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының қазіргі уақытта білім үрдісінде алатын орны. Орта білім беретін мектептерде Ыбырай шығармашылығын оқыту жағдайы зерделенген. Әр буын оқулықтарында Ыбырай шығармаларының алатын орнын, оқытылуы жайында сөз қозғаған.

**Түйінді сөздер:** Ыбырай Алтынсарин, оқу, білім, оқыту, оқулық.

### **Аннотация**

Актуальность статьи заключается в месте творчества Ибрая Алтынсарина в современном образовательном процессе. Анализируется ситуация обучения творчеству Ибрая в общеобразовательных школах. В учебниках каждого поколения он говорил о месте и учении произведений Ибрая Алтынсарина.

**Ключевые слова:** Ибрай Алтынсарин, образование, воспитание, обучение, учебник.

### **Abstract**

The relevance of the article lies in the place of creativity of Ibray Altynsarin in the modern educational process. The situation of teaching Ibray's creativity in secondary schools is analyzed. In the textbooks of each generation, he spoke about the place and teaching of the works of Ibray Altynsarin.

**Key words:** Ibray Altynsarin, education, upbringing, training, textbook.

Қазақ халқыны топырағында XIX ғасырдың басында ұлттық деңгейдегі ағартушы, ғалым, ұлы ұстаз дүниеге келген еді. Оның ерен еңбегі ел есінен шығып, ескерусіз қалуы әсте мүмкін емес. Талай ғасыр Орысқа бодан болып, қайғы кешіп, қасірет шеккен халық үшін Ыбырай алғашқы оқу – ағарту ісінің феномені еді. Ыбырайдың қолына алған кітабы күн сәулесіндей жарық нәміс қуаты өткір болды. Ыбырай жазған оқулық, қолына ұстаған кітап, талай ғасыр түздің тағысындай жүрген қазақ баласының тар кеудесіне құйылған үлкен жарық нұр еді. Сол нұр, әлсіз сәуле қазақ халқының қанды жылдардан аман шығып, азаттық алуына жәрдемші күшті қару болды. Әр заман өзінде боп жатқан құбылысқа қарай талантты жандарды дүниеге әкелген. Елінің, жерінің мұң – мұқтаждығын біліп, халқының игілігі үшін еңбек еткен, күш – жігерін жұмсаған. Туған жері, артында үміттеніп тұрған халқы алдындағы перзенттік міндетін атқара білген. Ыбырай жайлы қазақ ғалымдары аз зерттемеді. Ы.Алтынсарин шығармашылығының философиясын, мәдениетін, әлеуметтік құрылымын философиялық және мәдениеттанымдық тұрғыда зерттеп жүрген отандық ғалымдар қатарының артуы бүгінде мақтанышпен айтуға тұрарлық. Мұндай игілікті істін бастауында отандық философия тарихы, әдебиет және мәдениеттану мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген Н.Ә.Масапов, К.Ш.Шулембаев, Б.Ыбыраев, А.Т.Толубаев, А.И.Мұхамбетов, С.И.Алжығалиев, Ж.А.Алтасв, Б.Г.Нұржанов, З.Ж.Наурызбасва, А.А.Галисов, А.Б.Қалышева, Т.Асемқұлов, Е.Бекмаханов, Т.Тажимаев, М.Сильченко, Б.Сүлейменов, А.Сембаев, Қ.Біржанов, А.Дербісалин сынды ғалымдар тұрды. Тәуелсіздік жылдары Ыбырай жайлы ықылас қойып зерттеген ғалымдар, Елемесова Ж.Т., Ахманова А.Р., Марданова Б.А., «Ғұлама ғалым, ағартушы Ы.Алтынсарин 150 толуына» арналған еңбекте жаңашыл ұстаз Ыбырайдың тұлғалық бейнесін айшықтап, болмысына үніледі. Бұл еңбекте Ыбырай жайлы «Қазақ жерінде халық мектебінің негізін қалаған тұңғыш ұсаз, жаңашыл азамат. Ыбырай құрып берген білім жүйесі, методикалық әдіс – амалдар, мектеп жүйесі, ол жазған жаңа оқулықтар мен оқу құралдары бір жарым ғасырдан беру үздіксіз оқытылып келе жатыр» – деп баяндайды. Расымен, бүгінгі білім жүйесіне назар аударсақ, Ыбарай құраған мектеп жүйесі әлі де өзекті, әлі де өз мазмұның бұзбаған. [1, б. 29]

Қазақтың ұлы педагог – ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының болашақ бағдарын дұрыс танып, халқын өнер – білімге шақырып, өзі соны тікелей іске асырушы да болды. Ол өзінің туған халқын қалтқысыз сүйіп, болашағына зор үмітпен қараған. Қазақ балаларына арналған орыс мектебінде білім алған Ыбырай Алтынсарин қазақ даласында тұңғыш рет жаңа сипаттағы мектептер ашып, қазақ балаларына арнап оқулықтар жазды, соны алдымен өзі тәжірибеде батыл қолданды. Сол кездегі ескі жүйедегі оқуға қарсы болып, жаңа мазмұнды оқыту мен білім берудің бастаушысы болды. Ыбырай діни мектептердегі мағынасын түсінбей, құр жаттатып оқытуға қарсы болды. Оның орнына ғылымның әр саласынан түсінік беретін пәндік оқытуды жақтады. Ыбырай өмір сүрген заман аумалы – төкпелі болды. [2, б. 12] Ресей өкіметі жебесін қазақ жеріне бағыттап, зорлық – зомбылық көрсетіп,

зобалаңды бастан кешіп жатқан уақыт еді. Сондай қиын уақытқа қарамастан еңсесін түсірмей, келер ұрпақ үшін үлкен іс – әрекеттер жасап, қазақ жеріндегі білім ордасының негізін қалады. Ыбырай өзі ашқан мектептерде қазақ тілдің таза болуын қадағалап, оқушылар үшін халық ауыз әдебиетін пайдаланды. Сол тұрғыда өзі де тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеру арқылы әдеби шығармалар жазды. Әдебиетті мазмұнынан ғана емес, түр жағынан дамытты. Бұрын – сонды болмаған жанрлар қолданды. Ол өнер, білім, мәдениетті дәріптеді. Оның «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінің өзі осының айқын дәлелі. Мұхтар Әуезов: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді...» деп жазады. Бұл сөздің түбіне түсіп толғанатын болсақ, М.Әуезовтың бұл 100 жыл бұрын айтылған сөзі әлі де өзекті. Білім саласының бастауы ол – Ыбырай. Ы.Алтынсариннің жазған әңгімелерісіз балаға білім беру қиын. Себебі, Ы.Алтынсариннің әр әңгімесі жеңіл әрі мағыналы жазылған. Әр әңгімесін түсініп оқысақ, айтар мағына, айтар ой тереңде.

Осындай өмірін ізденіспен, еңбекпен өткізген тұлғаның тарихын қазір оқулық бетінен, әлбетте, кездестіреміз. Мәселен, орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 8–сынып бағдарламасында Ы.Алтынсариннің «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» – әңгімесі берілген. Әңгіме балалар санасы үшін жеңіл, қарапайым, солай бола тұра, тәрбиелік мәні де зор. Бұл әңгімеде атасы мен немересі арасындағы диалог баяндалған. Атасы немересімен серуендеп жүріп, өрмекші, құмырсқа, қарлығаштың іс – әрекеттерін сұрайды. Сонда немересі өрмекшінің өрмек тоқып жүргенін, құмырсқаның илеуіне нанның уалшағын апара жатқанын, ал қарлығаштың тұмсығына шөп іліп, ұшып бара жатқанын айтады. Атасы да немересінен мұны жайдан – жай сұрамайды, ол осы арқылы адамның бұл өмірге келгеннен кейін бос, сенделіп жүрмей, әрекет қылу керектігін, еңбекшіл адам болу қажеттігін айтады. 8–сынып оқушыларына бұл әңгіменің берілу тәркіні – дұрыс. Өйткені, бұл айнала-сана жаңа көзқараспен қарап, есейіп келе жатқан баланы еңбекке баулиды, өзі қалағандай өмір сүргісі келсе, іс қылу қажеттігін, онсыз ешнәрсеге қол жеткізе алмайтындығын аңғартады. Жас өскінді өнерге де, мейірімділікке де шақырады, жалқаулықтан жирендіреді. [2, б. 99]

Ал орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 10 сыныптағы кітапта Ы.Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?» еңбегі үш бөлініп берілген. [3, б. 21] Бұл еңбегінде Француздың бір білімді адамының сөзімен басталады. Ол университет оқып жүрген кезінде анасына барып тұратын. Және үнемі жолдан Антон есімді тіленшіні көретін. Бір күні анасына апарар жолда орта бойлы арықтау кісімен бірге бара жатады, солай Антон есімді тіленші қайта алдарынан шығады. Әлгі қасындағы кісі: «Қарауға еп – есті көрінесің, күш – қуатың да бар секілді. Неге онда өзіңді төмендетіп, тіленшілікке салынып жүрсің? Мен саған ақыл айтайын: менде сен секілді кедей болғанмын. Боқтықта тазаладым, келген – кеткен жандардан ескі шүберек сұрап, оны қағаз фабрикаларына саттым. Азды – көпті ақшаға бір есек пен бір арба алдым. Арбамен сауда жасадым. Одан қағаз фабрикасына жұмысқа көштім. Қазір өзімнің фабрикамды балама берді. Мен ерінбедім, жұмыс істедім. Баламды да барға тойғызып өсірмедім» [3, б. 105] – деп жөніне кетеді. 1815 жылы Брюссель қаласынан өтіп бара жатып, дүкеннің жанындағы кісіні көзі шалған. Ол кісіде жігітті танып, қасына келіп: Айып етпесеңіз сұрайын, осыдан 25 жыл бұрын Версальда барып жүретін жеріңіз бар ма еді? Сонда жігіттің ойына түсіп, Антонды таниды. Ол сол уақытта 25 жыл бұрынғы кісінің айтқанына ойланып, еңбек етіп, үлкен дүкеннің иесі болған екен. Сұрақтарын қарастырар болсақ: оқушының өз қиялына бағытталған. Яғни, әр бөліктен кейін «әңгімені қалай жалғастырар едіңіз?» деген сауал қойылады. Бұл оқушының қиялының жетілуіне, ой – өрісінің дамуына, өзіндік пікір қалыптастыруға, әр жағдайды жан – жақты саралай білуге және оны көпшілік алдында қысылмай айтуға үйретеді. Екіншіден, кейіпкерлер жайлы сұрақ. Әр адам өз ғұмырында қаншама адамды кездестіреді. Әрі әртүрлі жағдайда. Мектеп шақтан жағдаяттар кезінде әр адамға баға беру, бір ғана жақтан қарамай, жан – жақты талқылау және адамды аша білу, танып – білуге дәріптейді. [3, б. 89]

Ыбырайдың қай еңбегі болмаса да кітап бетінде тұруға лайық. Мен үшін Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеясы ерекше. Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде. Дұрыс жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және ой еңбегіне үйретуге тиіс, олардың білімге деген ынтасын мейлінше арттыруға тиіс. Өзім орыс тілді мектепте қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғандықтан, менің ең басты мақсатым – оқушының қазақ тіліне деген қызығушылығын ояту, сабақ барысындағы іс – әрекет формаларының қажеттілігін түсіндіру. Оқушының сабақты оқымауының себебі – оның қажеттілігін түсінбеу деп ойлаймын. Мен оқыту үрдісінде теориялық білім берумен ғана шектелмей, оқушы бойында еңбек ете білу дағдысын қалыптастыруға, креативті ойлауын, сыни тұрғыда баға беруін жетілдір қажет деп есептеймін. Қазіргі заманғы педагогтарына тәуелсіз мемлекетімізде үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Ол біліктілікті арттыру курстары, желілік қауымдастық, шебер – сыныптар, коучингтер, дөңгелек үстелдер, цифрлық білім беру ресурстары, практикалық семинарлар, каскадтық оқыту жүйесі, командалық білім

беру формасы – осының барлығы да мені жаңашылдықтан қалмауға, әрдайым ізденісте болуға, өмірдің көшінен қалмауға, яғни білімі мен біліктілікті әрдайым жетілдіріп, жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп отыруға жағдай жасайды. [1, б. 99]

Өнерін, көргенін, білгенін еліне, халқына, ұрпағына арнаған тұлғаның еңбектері қай санаға болмасын тек жақсы фибрат, ақыл, білім, өнер дәріптеп, еңбекке, Отанын сүюге, білімді болуға, шыншыл, әділетті боп өсуге баулиды. Автор өз әңгімелерінде ұлттық сана, мәдениет, қазақтың дәстүрлі ұлттық салтымен келбетін сақтап одан әрі дамуын біліммен байланыстырады. Қазақтың өзгелерден кем болмауын көздеді, сол жолда әрекет қылуға дәріптеді. Ұлы ағартушының әдеби шығармаларында көрініс тапқан ағартушылық идеяларының тәрбиелік рөлі күні бүгінге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Сол себепенде, Ыбырай шығармашылығын насихаттауды қарқынды жалғастыра беру қажет. Бұл әңгімелердің мектеп оқушысына берері көп. Алдыңғы әңгімемен бірдей қарастырар болсақ, жалпы Ыбырайдың оқушыларға еңбек ет, әрекет қыл деп жазылған еңбектері көп болған екен. Бұл оқиғаны оқи отыра, үлкен өмірге қадам басып келе жатқан әр болашақ тұлға адал еңбектің қадірін, іс қылсаң, аспандағы айға да қолың жетерліктей болатынын ұғындырады. Әрі әңгіменің үш бөлікке бөлініп берілуі де жай қарала салатын дүние емес. Әр бөліктен кейін кітапта соған байланысты сұрақ беріледі. Бұл оқушының әңгімені жай оқи салмағандығын, оның идеясын, түпкі мәнін ұғынғандығын көрсетеді, жалпылама түсініктен аулақ болуға, әр нәрсені талдап – саралай білуге үйретеді. Ыбырай Алтынсарин әр бала мектепті туған тілінде оқу керек деп есептейді. Ана тілі арқылы отансүйгіш, өз еліне адал азаматты тәрбиелеуге болатындығын айтқан. Бұл педагогикалық ой қазіргі уақытта біздің елімізде өзекті мәселе болып отыр. [1, б. 16]

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде, 9–сынып бағдарламасында Ы.Алтынсарин жайлы мардымды ақпарат берілмеген. Ыбырайдың әңгімелерін мектеп бағдарламасындағы әр сыныпқа оқыту қажет. Себебі, Ыбырай әр деңгейдегі оқушыларға арнап әңгімелерін жазған. Ыбырайдың әңгімелерін деңгейлеп оқыту арқылы, оқушының сауаттылығын жоғарылату қашан. Әдебиет – ұлттың бастауы. Оқушы өз отбасын, өз ұлтын, өз дінін, өз танымын тану арқылы, жан – жағына көз тастап, әлемдік өркениетке қол созады. Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде «формальдық білім беру жағынан емес, өмірге жанасымды, халыққа нақтылы пайда келтіру жағынан бағалады. Осы мақсатпен ол мектептерге керекті оқу пәндерін іріктеп, тандап, қалай оқыту керек және не үшін оқыту керек деген сұрақ қойып, педагогикалық талдау жасайды» – деп жазады. Ы.Алтынсариннің педагогикалық тәжірибесінің көп бөлігі мұғалімдердің шығармашылық болуына, соның ішінде жас мамандардың кәсіби қалыптасуына ерекше назар аударуға тұрарлық. Ыбырай шығармашылығының көтеретін тағы бір мәселесі – ұқыптылыққа, мейірімділікке, әдептілікке үйрету. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту. Үйрету, тәрбиелеу процесі арқылы іске асатынын ұлы педагог дұрыс түсінген, дұрыс шешкен. [4, б. 69]

Ы.Алтынсарин көбіне көп оқушының ұлттық танымды тану арқылы білім алғанын жөн деп біледі. Ы.Алтынсариннің «Жамандыққа жақсылық», «Бір уыс мақта», «Асыл шөп», «Айуанның естесі көп бірақ адамдай толық ақылы жоқ», «Баланың айласы» атты әңгімелері оқушының жаңа тынысын ашып, оқу сауаттылығын арттырады. Ұлы ұстазымыздың оқушыларға арналған шығармаларында қандай тақырыпта жазса да алдымен нені мақсат етіп көрсетуге болар еді деген мәселеге тоқтайды. Жазған әңгімесін өмірде кездесетін, баланың өзі назар аударатындай заттармен, іс – әрекеттермен байланыстырып отырады. Бұл әңгімелерді мектеп бағдарламасына кіргізу қажет. Әр әңгіменің мағынасы зор, оқушыға деген пайдасы көп. Бұл шығармалар баланың шығармашылығын талдау, саралау, зерттеу оқушының оқу, түсіну, толықтай қарастыру секілді деңгейін арттыратыны анық. Олар Ыбырай еңбектерін түсіну арқылы оған лайықты бағасын береді деп сенеміз. Жас ұрпақты мәдениетке жетелейтін өмір оқулығы, отаны үшін алысқан күрес құралы болуы тиіс. Ұлтының бағына жаралған жанның артындағы ізі еш өшпеу керек деп білеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Елемесова, Ж.Т. Ғұлама ағартушы – ғалым [Текст]: Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жыл / Ж.Т.Елемесова, А.Р.Ахманов, Б.А.Марданова. Алма – Ата: МГП «Шарапат», 1991. 59, [1]
2. Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 8 кл. общеобразоват. шк. яз. Қ17 обучения / Г.Косымова, А.Сатбекова, Е.Арын, К.Рахимжанова. Алматы: Мектеп, 2018. 200 с., илл.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 10 кл. общеобразоват. шк. яз. Қ17 обучения / Г.Косымова, Ш.Ерхожина, Г.Каримова. Алматы: Мектеп, 2019. с., илл
4. Сыдықов, Ә.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі: монография / Ред. басқ. Бекмаханов. Алматы: Қазмемоқұқралдбас., 1950. 188 б.